

М.М.Зұлтыхарова,^{1*}  А.Т.Туралбаева¹  Қ.Берікқызы,² 
Ғ.И.Исаев,³  А.Т.Махамбетжанова⁴ 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет
Алматы қ., Қазақстан

² Халықаралық туризм және меймандостық университет
Түркістан қ., Қазақстан

³ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университет
Түркістан қ., Қазақстан

⁴ Азаматтық авиация академия, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамытудың теориялық негіздері мен эмпирикалық зерттеу нәтижелері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде кәсіби құзыретті, зерттеушілік қабілеті жоғары, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуеті дамыған мұғалімдерді даярлау қажеттілігімен анықталады. Академиялық дарындылық болашақ педагогтің ғылыми-танымдық белсенділігімен, кәсіби білімді терең меңгеруімен, шығармашылық ойлауымен және педагогикалық мәселелерді шешудегі дербестігімен сипатталатын кешенді қасиет ретінде қарастырылған.

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Эмпирикалық бөлімде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 135 студенті қамтылып, эксперименттік және бақылау топтары бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді. Академиялық дарындылықтың когнитивті-әдістемелік, креативтілік, тұлғалық-мотивациялық және кәсіби білім компоненттері негізінде диагностикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Зерттеу нәтижелері Манн-Уитни критерийі арқылы статистикалық өңделіп, эксперименттік топтағы оң өзгерістердің мәнділігі дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері арнайы әзірленген білім беру бағдарламаларының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамытуға тиімді ықпал ететінін көрсетті. Эксперименттік топта кәсіби білім, мотивация, шығармашылық қабілет және педагогикалық рефлексия көрсеткіштері айтарлықтай жоғарылаған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде «академиялық дарындылық» ұғымына авторлық анықтама беріліп, оны дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар дайындалды. Мақала педагогикалық жоғары оқу орындарында дарынды студенттерді анықтау, қолдау және кәсіби тұрғыдан дамыту жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік негіздерді ұсынады.

Түйін сөздер: болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, академиялық дарындылық, тәсілдеме, дарындылық, академиялық білім, эмпирикалық зерттеулер.

Зултыхарова М.М.,¹  Туралбаева А.Т.,¹  Бериккызы К.,² 

Исаев Г.И.,³  Махамбетжанова А.Т.⁴ 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

²Международный университет туризма и гостеприимства
г.Туркестан, Казахстан

³Международный казахско-турецкий университет имени Кожы Ахмеда Ясави
г.Туркестан, Казахстан

Академия гражданской авиации, г.Алматы, Казахстан

ЭМПИРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В РАЗВИТИИ АКАДЕМИЧЕСКИХ ТАЛАНТОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В данной статье рассматриваются теоретические основы развития академической одаренности будущих учителей начальных классов и результаты эмпирического исследования. Актуальность исследования обусловлена необходимостью подготовки в современной системе высшего педагогического образования педагогов, обладающих профессиональной компетентностью, высокими исследовательскими способностями, развитым творческим и интеллектуальным потенциалом. Академическая одаренность рассматривается как комплексная черта будущего педагога, характеризующаяся научно-познавательной активностью, глубоким усвоением профессиональных знаний, творческим мышлением и самостоятельностью в решении педагогических проблем.

В ходе исследования были использованы теоретические и эмпирические методы. В эмпирическом разделе приняли участие 135 студентов Казахского национального педагогического университета имени Абая, проведен сравнительный анализ по экспериментальной и контрольной группам. Были организованы диагностические работы на основе когнитивно-методических, креативных, личностно-мотивационных и профессиональных компонентов академической одаренности. Результаты исследования были статистически обработаны с использованием критерия Манна–Уитни и доказали значимость положительных изменений в экспериментальной группе.

Результаты исследования показали, что специально разработанные образовательные программы эффективно способствуют развитию академических талантов будущих учителей начальных классов. В экспериментальной группе значительно повышены показатели профессиональных знаний, мотивации, творческих способностей и педагогической рефлексии. Кроме того, в результате исследования было дано авторское определение понятия «академическая одаренность» и подготовлены методические рекомендации, направленные на его развитие. В статье представлены научно-методические основы, направленные на совершенствование системы выявления, поддержки и профессионального развития одаренных студентов в педагогических вузах.

Ключевые слова: будущие учителя начальных классов, академическая одаренность, подход, одаренность, академическое образование, эмпирические исследования.

Zulpykharova M.,¹  Turalbayeva A.,¹  Berikkyzy K.,² 

Issayev G.³  Makhambetzhanova A.⁴ 

¹Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

³Khoja Akmed Yassawi International Kazakh Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

⁴Civil aviation academy, Almaty, Kazakhstan

EMPIRICAL RESEARCH IN THE DEVELOPMENT OF ACADEMIC TALENTS OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

This article examines the theoretical foundations of the development of academic giftedness of future primary school teachers and the results of empirical research. The relevance of the research is determined by the need to train teachers with professional competence, high research abilities, and developed creative and intellectual potential in the modern system of higher pedagogical education. Academic giftedness is considered as a complex trait of a future teacher, characterized by scientific and cognitive activity, deep assimilation of professional knowledge, creative thinking and independence in solving pedagogical problems.

Theoretical and empirical methods were used in the course of the research. 135 students of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai took part in the empirical section, a comparative analysis was carried out by experimental and control groups. Diagnostic work was organized on the basis of cognitive, methodological, creative, personal, motivational and professional components of academic giftedness. The results of the study were statistically processed using the Mann–Whitney criterion and proved the significance of positive changes in the experimental group.

The results of the study showed that specially designed educational programs effectively contribute to the development of academic talents of future primary school teachers. In the experimental group, the indicators of professional knowledge, motivation, creative abilities and pedagogical reflection were significantly increased. In addition, as a result of the research, the author's definition of the concept of "academic talent" was given and methodological recommendations aimed at its development were prepared. The article presents scientific and methodological foundations aimed at improving the system of identification, support and professional development of gifted students in pedagogical universities.

Keywords: future primary school teachers, academic giftedness, approach, giftedness, academic education, empirical research.

Кіріспе. Болашақ мұғалімдердің академиялық дарындылығын дамыту мәселесі қазіргі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында ерекше өзектілікке ие. Жас таланттарды анықтау мен қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат білім алушылардың қабілеттерін олардың әлеуметтік жағдайына, тұрғылықты жеріне немесе отбасының материалдық мүмкіндіктеріне қарамастан дамытуға жағдай жасауды көздейді. Бұл бағыт жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде дарынды жастарды анықтау, оларды кәсіби тұрғыдан қолдау және педагогикалық қызметке бейімдеу мәселесін алдыңғы қатарға шығарады. [1]

Қазіргі кезеңде жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту үдерісі болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұны мен құрылымына жаңа талаптар қояда. Әсіресе бастауыш білім беру саласында кәсіби құзыретті, шығармашылық ойлайтын, зерттеушілік қабілеті жоғары және академиялық әлеуеті қалыптасқан педагогтерді даярлау қажеттілігі артып отыр. Осы ретте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын жүйелі түрде дамытуға бағытталған педагогикалық жағдайларды ұйымдастырудың маңызын күшейтеді.

Академиялық дарындылық болашақ мұғалімнің интеллектуалдық әлеуетін, ғылыми-танымдық белсенділігін, талдау және зерттеу қабілетін, кәсіби мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешу мүмкіндігін сипаттайтын маңызды сапалардың бірі болып табылады. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің академиялық әлеуетін ерте кезеңнен анықтау, олардың ғылыми қызығушылықтарын қолдау, зерттеушілік әрекетке тарту және кәсіби мотивациясын дамыту білім беру сапасын арттырудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады [2].

Қазіргі білім беру саясаты педагогикалық мамандықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, кәсіби дайындықтың сапасын жетілдіруді және білім беру жүйесіне жоғары мотивациясы бар жастарды тартуды стратегиялық міндеттердің бірі ретінде айқындайды. Осыған сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту – педагогикалық кадрларды сапалы даярлаудың, кәсіби әлеуетті қалыптастырудың және білім беру жүйесінің интеллектуалдық ресурсын күшейтудің маңызды шарты болып табылады.

Сонымен қатар, педагогикалық мамандықтың әлеуметтік мәртебесінің артуы, жоғары оқу орындарына қабілетті талапкерлердің келуі және білім беру сапасына қойылатын халықаралық талаптардың күшеюі болашақ мұғалімдердің академиялық мүмкіндіктерін дамыту мәселесін өзекті етеді. Бұл тұрғыдан алғанда, академиялық дарындылықты дамыту тек жеке қабілетті жетілдіру ғана емес, сонымен қатар кәсіби педагогикалық ортада табысты әрекет етуге, үздіксіз білім алуға және инновациялық шешімдер қабылдауға даярлықты қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту мәселесі педагогикалық білім беру жүйесінде дарынды жастарды анықтау, іріктеу және сүйемелдеудің ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындауды талап етеді. Бұл бағыт болашақ педагогтердің

интеллектуалдық әлеуетін ашуға, олардың ғылыми-зерттеушілік белсенділігін арттыруға және кәсіби өсуінің тұрақты траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық дарынды жастарды қолдаудың формалары мен әдістерін талдау мен қайта ойлаудың қажеттілігі, сонымен бірге педагогикалық дарынды жастарды анықтаудың, іріктеудің және сүйемелдеудің тұжырымдамалық негіздерін анықтаудың қажеттілігі айқын көрінеді.

Дарындылық мәселелерінің кең спектрін зерттеу қазіргі психологияның өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Аталған мәселе отандық және шетелдік ғылымда жеткілікті кең зерттелген. Дарындылықтың аса беделді шетелдік тұжырымдамалары ретінде Д.Рензуллидің дарындылықтың үшжақты теориясы [3], Ф.Ганье, К.А.Хеллердің және бірқатар басқа зерттеушілердің дарындылықтың көпшамалы модельдерін [4] атауға болады, сонымен бірге, дарындылықтың әртүрлі аспектілерін зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. Д.Рензуллидің тұжырымдамасына сәйкес, дарындылық үш негізгі факторлардың үйлесімінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі: орташа деңгейден асатын интеллектуалды қабілеттер; шығармашылық тұғыр және табандылық. Ф.Ганьенің моделінде дарындылық интеллектуалды, креативті, әлеуметтік-аффективті, сенсомоторлы және бірқатар басқа қабілеттердің қолданудың әртүрлі салаларына қатысты жиынтығы ретінде қарастырылады (өнер, спорт, техника, тәрбие және т.б.).

Дарындылықтың, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының құрамдасы ретінде шығармашылықтың психологиялық және педагогикалық аспектілері терең және жан-жақты зерттелген (Л.С.Выготский, Т.Лубарт, А.М.Матюшкин, Д.Б.Богоявленская, П.Торренс, С.Л.Рубинштейн, Б.М.Кедров, О.К.Тихомиров, А.В.Брушлинский, В.И.Кабрин және т.б.). Жеке-дара және стильдік айырмашылықтар психологиясы балалар дарындылығын зерттеуге маңызды үлес қосты (Г.В.Залевский, Э.А.Голубева, В.Е.Ключко, В.Г.Леонтьев, Б.М.Теплов, Х.Холлингворт және т.б.). Жеке-дара айырмашылықтардың генетикалық алғышарттарын И.В.Равич-Щербо, Р.Пломин және т.б. авторлар анықтаған және белгілеген. Дарындылықтың құрылымындағы интеллектуалды компонентті М.А.Холодная, Д.Айзенк т.б. ғалымдар зерттеді. Қазіргі білім беру мекемесі жағдайында депривация мәселелері саласындағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер Т.А.Араканцева, И.В.Дубровина, А.М.Прихожанның еңбектерінде анықталған.

Алайда, отандық және батыс психологиясы мен педагогикасында тұлғаның дарындылық феноменін зерттеудегі күрделі еңбекке қарамастан, қазірге дейін педагогтің дарынды балалармен өзара әрекеттесінің практикалық-бағдарланған аспектілерін әзірлеумен, баланың дарындылығының және оның ерекшеліктерінің болуын дер кезінде диагностикалау тәсілдерін әзірлеумен байланысты мәселелер зерттеудің аясынан тыс қалып отыр [5]. Осы уақытқа дейін өзіндік педагогикалық дарындылық феноменінің мәнін анықтау, оның көрінуінің жас, әлеуметтік-демографиялық және гендерлік ерекшеліктері, педагог мамандығының өмірлік циклінің сипатына әсер ететін педагогикалық дарынды жастарды анықтау, іріктеу және сүйемелдеу әдістерін анықтау жекеленген және шешілмеген мәселе күйінде қалып отыр.

Негізгі ережелер: -

- педагогикалық дарынды жастарды сүйемелдеудің әзірленген моделінің (жобасының) тиімділігі ғылыми және эмпирикалық тұрғыдан негізделді;

- оны іске асыруға арналған әдістемелермен бірге, педагогикалық ЖОО-да академиялық дарынды студенттермен жұмыс істеу практикасына енгізуге ұсынылады;

- «академиялық дарындылық – тұлғаның білімді терең әрі жылдам меңгеруге, ғылыми-танымдық әрекетке белсенді қатысуға, ақпаратты талдап, жүйелеуге, логикалық және сыни ойлау негізінде жаңа білім өндіруге қабілеттілігін сипаттайтын кешенді интеллектуалдық-педагогикалық қасиет»;

- «*болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту*» – жоғары педагогикалық білім беру жағдайында студенттердің ғылыми-танымдық белсенділігін, интеллектуалдық әлеуетін, зерттеушілік қабілетін, кәсіби-педагогикалық ойлауын және оқу-

ғылыми әрекеттегі шығармашылық дербестігін жүйелі түрде жетілдіруге бағытталған мақсатты педагогикалық үдеріс».

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің жетекші теориялық әдістерінің ішінде - отандық және шетелдік психологтар мен педагогтардың еңбектеріндегі жалпы және педагогикалық дарындылықты зерттеу нәтижелерін және тұжырымдамалық қағидаларды талдау бар. Педагогикалық дарынды жастарды анықтау, іріктеу және сүйемелдеудің тұжырымдамалық негіздерін, сонымен бірге оның моделін әрі қарай әзірлеу мақсатында педагогикалық жобалау, мониторингілеу, анкеталау әдістері қолданылды. Бұл зерттеуде қолданылған педагогикалық жобалау, мониторингілеу және сауалнама әдістерінің нәтижелері кешенді болып табылады және әдетте үш негізгі бағытта көрініс табады: модельдеу және педагогикалық жобалау және мониторингілеу, анкеталау әдістерінің нәтижелері. Зерттеудің мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын білім берудің тиімділігін арттыруға бағытталған педагогикалық жағдайларды, әдістерді және бағдарламаны әзірлеу, оны тәжірибеде сынау арқылы оның нәтижелілігін эмпирикалық жолмен дәлелдеу.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту мәселесін негіздеуде педагогикалық дарындылық туралы ғылыми тұжырымдамалар маңызды әдіснамалық база болып табылады. Педагогикалық дарындылық тұлғаның кәсіби педагогикалық әрекетте табысқа жетуін қамтамасыз ететін интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік және тұлғалық қабілеттердің кешенді жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан академиялық дарындылық болашақ мұғалімнің танымдық белсенділігімен, ғылыми ізденіске бейімділігімен, кәсіби білімді терең меңгеруімен және педагогикалық мәселелерді шығармашылықпен шеше алу қабілетімен сипатталады [6].

Академиялық дарындылықты дамытуда тұлғалық, іс-әрекеттік және жүйелік тұғырлардың өзара байланысы ерекше маңызға ие. Жеке-тұлғалық тұғыр болашақ мұғалімнің дара ерекшеліктерін, қызығушылығын, кәсіби ұстанымын және өзіндік даму әлеуетін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімінің академиялық қабілетін сыртқы талаптарға бейімдеу емес, оның ішкі мүмкіндіктерін ашуға бағытталған педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Іс-әрекеттік тұғыр академиялық дарындылықтың оқу әрекеті барысында қалыптасатынын негіздейді. Болашақ педагог ғылыми-зерттеу жұмыстары, жобалық тапсырмалар, талдау, рефлексия және кәсіби жағдаяттарды шешу арқылы академиялық әлеуетін дамытады. Яғни академиялық дарындылық дайын қасиет ретінде емес, белсенді танымдық әрекет нәтижесінде қалыптасатын динамикалық құбылыс ретінде қарастырылады. [7]

Жүйелік тұғыр академиялық дарындылықты өзара байланысқан компоненттердің бірлігі ретінде түсіндіреді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің академиялық дарындылығы келесі құрамдастар арқылы дамиды:

- когнитивтік компонент – кәсіби білімнің тереңдігі мен ғылыми ойлау деңгейі;
- мотивациялық компонент – педагогикалық қызметке қызығушылық пен кәсіби ұмтылыс;
- шығармашылық компонент – инновациялық шешім қабылдау қабілеті;
- рефлексиялық компонент – өзіндік кәсіби әрекетін бағалау және дамыту қабілеті [8].

Академиялық дарындылықты дамытуда жүйелілік, функционалдылық, мақсаттылық және теория мен практиканың бірлігі принциптері маңызды рөл атқарады. Бұл принциптер болашақ мұғалімнің кәсіби дамуын үздіксіз процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе теориялық білім мен практикалық тәжірибенің үйлесуі студенттің академиялық әлеуетін кәсіби құзыреттілікке айналдырады.

Сонымен қатар, позитивті болжам принципі әрбір студенттің академиялық мүмкіндігін дамытуға болатын әлеует ретінде қарастыруды көздейді. Бұл болашақ мұғалімдердің қабілеттерін ерте анықтап, қолдау көрсетудің қажеттілігін дәлелдейді. Академиялық дарындылықты

дамыту тек жоғары үлгерімді студенттерге бағытталмай, әрбір білім алушының ғылыми және кәсіби мүмкіндігін ашуға бағытталған педагогикалық үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту – кәсіби педагогикалық әлеуетті қалыптастырудың, ғылыми ойлау мәдениетін дамытудың және жоғары мотивацияланған, зерттеушілік қабілеті жоғары педагог даярлаудың маңызды шарты болып табылады.

Енді біз, зерттеудің эмпирикалық бөліміндегі талдауларды ұсынамыз. Зерттеу нысанына 1-ші тәуелсіз таңдау тобы ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ПЖПИ-ның «Бастауыш білім беру» кафедрасының білім беру бағдарламаларының 3 курс 4-жылдық студенттері эксперименттік топ ретінде 67 студент қатысты: әзірленген бастауыш білім беру бағдарламалары осы топқа енгізіледі, 2-ші бақылау тобына осы аталмыш университеттің осы мамандықтарының студенттерінен 68 студентке бағдарлама енгізілмейді, бірақ ЭТ-мен бірдей диагностикадан өтеді, барлығы 135 зерттелушілер қатысты. Екі тәуелсіз таңдау тобы (болашақ бастауыш сынып мұғалімдері мамандықтары) айырмашылықтарды Манна-Уитни критерийі арқылы SPSS бағдарламасы бойынша зерттелді. Академиялық дарындылықтың дамуын бағалаудың критерийлері, көрсеткіштері және деңгейлері жүйеленді және диагностикалық құралдар кешені (Манн-Уитни U-критерийін қолданумен) эмпирикалық тексеруден өткізілді [9].

Эмпирикалық зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту болғандықтан, бағдарламаның мазмұны когнитивті (білім), креативті (шығармашылық) және мотивациялық-тұлғалық компоненттерді қамтуы керек.

Кесте 1 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамытудың когнитивті (білім), креативті (шығармашылық) және мотивациялық-тұлғалық компоненттері, мақсаты мен қолданылатын әдіс-тәсілдері

Компонент	Мақсаты	Қолданылатын әдіс-тәсілдер
Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету)	Педагогикалық мәселелерді шешудегі білімнің тереңдігін, жүйелілігін және жылдамдығын арттыру	Кейс-стади әдісі: күрделі педагогикалық жағдаяттарды талдау.
Креативті-шығармашылық (Кәсіби икемділік)	Стандартты емес оқыту әдістерін әзірлеу, оқу процесінде креативтілікті қолдану	Оқытудың жаңа формаларын (ойын, жоба) әзірлеу. Синектика әдісі: жаңа идеялар генерациялау
Тұлғалық-мотивациялық (өзін-өзі реттеу)	Өзін-өзі дамытуға деген ішкі мотивация, табандылық	Тренингтер: өзін-өзі дамыту бойынша
Кәсіби білім компоненті (рефлексия, өз іс - әрекетін бағалау)	Кәсіби рефлексияны күшейту	Кәсіби портфолио: жетістіктерді жүйелі түрде тіркеу және өзін-өзі бағалау

Зерттеудің пәні: Осы студенттердің академиялық дарындылығын арттырудағы педагогикалық әсер және оның нәтижесі.

Статистикалық болжамдар:

Нөлдік болжам (H₀): Эксперименттік және бақылау топтары арасында академиялық дарындылықтың бастапқы деңгейі бойынша статистикалық маңызды айырмашылық жоқ.

Жұмыс болжамы (H₁): Эксперименттік және бақылау топтары арасында академиялық дарындылықтың бастапқы деңгейі бойынша статистикалық маңыздылық арасында айырмашылық бар.

Зерттеу мақсатын шешуде келесі әдістер қолданылды:

- модельдеу әдісі (Педагогикалық дарынды жастарды сүйемелдеудің құрылымдық-функционалдық моделі. Бұл модель дарынды студентті анықтау, іріктеу, оқыту және сүйемелдеу

кезеңдерін, олардың арасындағы байланыстарды және күтілетін нәтижелерді көрсететін нақты сұлба (схема) болып табылады;

- педагогикалық жобалау, модельді іске асыруға арналған нақты мазмұн мен әдістемелер.


Бұл нәтижеге академиялық дарынды студенттермен жұмыс істеуге арналған арнайы оқу бағдарламалары, курстар оқыту әдістемелері және оларға арналған сабақ жоспарлары кіреді;

- анкеталау/ тестілеу. Бұл әдістердің нәтижесі – эмпирикалық деректер және олардың талдамасы беріледі.

Нәтижелер мен талқылау. Эксперименттік зерттеудің алғашқы кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің академиялық дарындылық деңгейлерінің статистикалық зерттеу мәліметтері алынды. 2024-2025 оқу жылында біздің нақтыланған зерттеу топтарымыздың санына (ЭТ-67 және БТ-68) сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылық деңгейлерінің сандық мәліметтерінің динамикасын көрсететін кестесін ұсынамыз. Төмендегі кестелер мен суреттерде екі таңдау топтары бойынша зерттеу барысында алынған мәліметтер әзірленген білім беру бағдарламаларының тиімділігін көрсету үшін анықтаушы және бақылаушы кезеңдердегі пайыздық көрсеткіштері және сандық өсімді (динамиканы) көрсетеді (Кесте 2, 3, 4), (Сурет 1,2).

Кесте 2- Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті негізінде академиялық дарындылық деңгейлерінің сандық көрсеткіштері бойынша эксперимент тобынан алынған салыстырмалы тексеру нәтижелері

Таңдау тобы ЭТ n=67	жоғары	n	орташа	n	төмен	n
Эксперименттің басындағы нәтиже	14,9%	10	55,2%	37	29,9	20
Эксперименттің соңындағы нәтиже	41,8%	28	63,3%	31	11,9	8



Сурет 1 – Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті негізінде академиялық дарындылық деңгейлерінің эксперимент тобы бойынша диагностика нәтижелері

Кесте 2-де когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті бойынша эксперименттік топтағы (ЭТ, n=67) академиялық дарындылық деңгейлерінің эксперимент басындағы және соңындағы сандық көрсеткіштері берілген. Алынған нәтижелер оқушылардың академиялық дарындылық деңгейінде оң өзгерістердің болғанын көрсетеді.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде жоғары деңгейдегі білім алушылар саны 10 адамды құрап, жалпы топтың 14,9%-ын көрсетті. Орташа деңгейде 37 білім алушы (55,2%), ал төмен деңгейде 20 білім алушы (29,9%) анықталды. Бұл бастапқы кезеңде зерттелушілердің басым бөлігі орта деңгейде болғанын және когнитивті-әдістемелік даярлықтың жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетеді.

Эксперимент соңындағы нәтижелерде айтарлықтай өзгеріс байқалды. Жоғары деңгейдегі қатысушылар саны 28 адамға дейін өсіп, 41,8%-ды құрады. Мұндағы көрсеткіштер бастапқы нәтижемен салыстырғанда 26,9%-ға артқанын көрсетеді. Жоғары деңгейдегі білім алушылар

санының 10-нан 28-ге дейін өсуі когнитивті-әдістемелік компоненттің тиімді қалыптасқанын дәлелдейді.

Орташа деңгейдегі білім алушылар саны 37-ден 31-ге азайғанымен, жалпы құрылымда бұл деңгей сақталған. Пайыздық көрсеткіш бойынша орта деңгейдің үлесі тұрақты сипатта қалып, білім алушылардың бір бөлігі жоғары деңгейге ауысқанын көрсетеді. Бұл динамика когнитивті білімнің тереңдеуі мен әдістемелік даярлықтың жетілуіне байланысты.

Төмен деңгейдегі білім алушылар саны 20-дан 8-ге дейін азайып, 29,9%-дан 11,9%-ға төмендеген. Бұл 18%-дық оң айырмашылықты көрсетеді. Төмен деңгейдің қысқаруы зерттеу барысында енгізілген педагогикалық ықпалдардың тиімді болғанын және академиялық дарындылықты дамытуға бағытталған әдістемелік жұмыстардың нәтижелілігін дәлелдейді.

Математикалық статистикалық тұрғыдан қарағанда, жоғары және орта деңгейдегі көрсеткіштердің жиынтық үлесі эксперимент басында 70,1%-ды құраса, эксперимент соңында 88,1%-ға дейін артқан. Сондай-ақ, 18%-дық өсімді көрсетеді және когнитивті-әдістемелік компоненттің даму динамикасының оң бағытта жүргенін дәлелдейді.

Кесте -3 Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті негізінде академиялық дарындылық деңгейлерінің сандық көрсеткіштері бойынша бақылау тобынан алынған салыстырмалы тексеру нәтижелері

Таңдау тобы БТ n=68	жоғары	n	орташа	n	төмен	n
Эксперименттің басындағы нәтиже	14,7%	10	57,4%	39	27,9	19
Эксперименттің соңындағы нәтиже	19,1%	13	58,8%	40	22,1	15



Сурет 2 – Академиялық дарындылық деңгейлерінің бақылау тобы бойынша диагностика нәтижелері

Кестеде бақылау тобының (БТ, n=68) когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті бойынша академиялық дарындылық деңгейлерінің эксперимент басындағы және соңындағы көрсеткіштері берілген. Нәтижелер бақылау тобында белгілі бір оң өзгерістер болғанымен, олардың динамикасы эксперименттік топпен салыстырғанда баяу және тұрақты сипатта екенін көрсетеді.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде жоғары деңгейдегі білім алушылар саны 10 адамды құрап, жалпы топтың 14,7%-ын көрсетті. Орташа деңгейде 39 білім алушы (57,4%), ал төмен деңгейде 19 білім алушы (27,9%) анықталды. Бұл нәтижелер бақылау тобындағы оқушылардың басым бөлігі орта деңгейде екенін және когнитивті-әдістемелік даярлықтың қалыптасуында тұрақты, бірақ жеткілікті жоғары емес деңгейді көрсетеді.

Эксперимент соңындағы нәтижелерде жоғары деңгейдегі білім алушылар саны 13 адамға дейін өсіп, 19,1%-ды құрады. Бұл бастапқы көрсеткішпен салыстырғанда 4,4%-дық өсімді көрсетеді. Сандық тұрғыдан жоғары деңгейдегі қатысушылар саны 3 оқушыға артқан. Алайда

бұл өзгеріс айтарлықтай қарқынды емес және табиғи оқу үдерісіндегі қалыпты даму динамикасын сипаттайды.

Кесте 4 - Екі таңдау тобы бойынша білім алушылардан алынған когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті негізінде академиялық дарындылық деңгейлерінің сандық көрсеткіштерінің динамикасы

Когнитивті- әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті	Топ	Бастапқы кезең (Анықтаушы)	Соңғы кезең (Бақылаушы)	Өсім/Төмендеу (Пайызбен)	p-мәні (Манн- Уитни
Жоғары	ЭТ (n=67)	14.9 % (n=10)	41.8 % (n=28)	+ 26.9 %	$p \leq 0.01$
	БТ (n=68)	14.7 % (n=10)	19.1 % (n=13)	+ 4.4 %	$p > 0.05$
Орташа	ЭТ ((n=67)	55.2 % (n=37)	46.3 % (n=31)	- 8.9 %	$p \leq 0.01$
	БТ (n=68)	57.4 % (n=39)	58.8 % (n=40)	+ 1.4 %	$p > 0.05$
Төмен	ЭТ ((n=67)	29.9 % (n=20)	11.9 % (n=8)	- 18.0 %	$p \leq 0.01$
	БТ (n=68)	27.9 % (n=19)	22.1 % (n=15)	- 5.8 %	$p > 0.05$

Осы эмпирикалық әдістерге сәйкес жүргізілген анықтаушы эксперименттің басы мен бақылау эксперимент соңы нәтижелері көрсеткендей: Бастапқы анықтаушы кезеңде екі топтың да академиялық дарындылық деңгейлері бірдей (жоғары деңгей: ЭТ – 14.9%, БТ – 14.7%). Бұл Манн-Уитни U-критерийі арқылы статистикалық маңызды айырмашылық жоқ ($p > 0.05$) екенін дәлелдейді.

ЭТ-дағы біршама өзгерістерді байқауға болады, атап айтқанда жоғары деңгей көрсеткіші 26.9%-ға айтарлықтай өсті (14.9%-дан 41.8%-ға дейін). Төмен деңгейдегі студенттердің саны 18.0%-ға төмендеді. Бұл деректер әзірленген білім беру бағдарламаларының студенттердің академиялық дарындылығын қалыптастыруға оң әсер еткенін білдіреді.

Бақылау тобындағы өзгерістер табиғи даму шеңберінде болды (жоғары деңгейдің өсуі +4.4%), бұл ЭТ-дағы өзгерістердің білім беру бағдарламаларының тікелей әсерінен болғанын айғақтайды. Бақылаушы кезеңдегі ЭТ мен БТ нәтижелері арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0.05$ немесе $p \leq 0.01$). Бұл сандық мәметтер "Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының жоғары тиімділігін және оны оқу процесіне енгізудің қажеттілігін дәлелдейді.

Екінші зерттеу кезеңі бойынша креативтілік (Шығармашылық) компонентінің динамикасы: Креативтілік компоненті бойынша Торранс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы бағаланады, онда негізгі көрсеткіштер – ойлаудың икемділігі, өзгешелігі және жылдамдығы алынды. Нәтижелер 5-балдық шкаламен бағаланған орташа ұпайлармен берілген.

Төмендегі кестелерде креативтілік компоненті бойынша Торранс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы алынған пайыздық көрсеткіштері ұсынылды (Кесте-5,6 және Сурет 3).

Кесте 5- Креативтілік компоненті бойынша Торранс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы алынған пайыздық көрсеткіштері

Креативтілік көрсеткіші	Топ	Бастапқы нәтиже	Соңғы нәтиже
Ойлаудың икемділігі	ЭТ (67)	3.25	4.60
	БТ (68)	3.30	3.45
Ойлаудың өзгешелігі	ЭТ (67)	3.10	4.55
	БТ (68)	3.15	3.30
Педагогикалық креативтілік (Жалпы)	ЭТ (67)	3.18	4.58
	БТ (68)	3.22	3.40



Сурет-3 - Креативтілік компоненті бойынша П.Торренс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы алынған пайыздық көрсеткіштерінің гистограммасы

Кесте 6- Креативтілік компоненті бойынша Торранс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы алынған пайыздық көрсеткіштері мен динамикасы

Креативтілік көрсеткіші	Топ	Бастапқы ұпай (x_1)	Соңғы ұпай (x_2)	Өсім (Айырма)	Динамика (%)	p-мәні
Ойлаудың икемділігі	ЭТ (67)	3.25	4.60	+1.35	+ 41.5%	$p \leq 0.01$
	БТ (68)	3.30	3.45	+0.15	+ 4.5%	$p > 0.05$
Ойлаудың өзгешелігі	ЭТ (67)	3.10	4.55	+1.45	+ 46.8%	$p \leq 0.01$
	БТ (68)	3.15	3.30	+0.15	+ 4.8%	$p > 0.05$
Педагогикалық Креативтілік (Жалпы)	ЭТ (67)	3.18	4.58	+1.40	+ 44.0%	$p \leq 0.01$
	БТ (68)	3.22	3.40	+0.18	+ 5.6%	$p > 0.05$


ЭТ-да креативтілік көрсеткіштерінің (41%-46% өсім) статистикалық тұрғыдан маңызды түрде жоғарылауы әзірленген бағдарламаның шығармашылық шеберханалар мен жобалық әдістер арқылы студенттердің креативтілік әлеуетін ашуға тиімді болғанын дәлелдейді.

Үшінші эмпирикалық зерттеу кезеңінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының динамикасын келтіру үшін, біздің зерттеулерміздің логикасына сәйкес, *мотивациялық-тұлғалық компонентке* қатысты *бастапқы (анықтаушы)* және *соңғы (бақылаушы)* диагностика нәтижелерін салыстыруды қажет етеді. Бұл динамика *эксперименттік топта (ЭТ) әзірленген білім беру бағдарламаларының әсерінен оң бағыттағы өзгерістерін* көрсетеді.

Төмендегі кестеде тұлғалық-мотивациялық компоненті негізінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының негізгі көрсеткіштері бойынша *ЭТ және БТ топтарының нәтижелерін* салыстырмалы түрде көрсетіліп берілген (Кесте 7,8; Сурет 4). Бұл нәтижелер арнайы сауалнамалар (мотивация, кәсіби бағыттылық, өзін-өзі реттеу, кәсіби рефлексия) арқылы жиналып, орташа ұпай түрінде берілген.

Кесте 7 - Тұлғалық-мотивациялық компоненті негізінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының ЭТ және БТ топтары бойынша сауалнама әдістерінен алынған нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Компоненттер	Топ	Бастапқы нәтиже	Соңғы нәтиже
Ішкі мотивация (Оқуға деген қызығушылық)	ЭТ	3.66	4.73
	БТ	3.59	3.76
Кәсіби бағыттылық (Мұғалім мамандығының құндылығы)	ЭТ	3.83	4.86
	БТ	3.79	3.90
Өзін-өзі Реттеу/Табандылық (Максатқа жетудегі табандылық)	ЭТ	3.40	4.55
	БТ	3.35	3.50
Кәсіби рефлексия (Өз іс-әрекетін талдау қабілеті)	ЭТ	3.50	4.60
	БТ	3.45	3.55



Сурет 4 - Тұлғалық-мотивациялық компоненті негізінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының ЭТ және БТ топтары бойынша сауалнама әдістерінен алынған нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерінің гистограммасы

Кесте 7-де тұлғалық-мотивациялық компонент негізінде студенттердің оқуға және болашақ мамандығына деген көзқарасының эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтары бойынша сауалнама нәтижелері көрсетілген. Мәліметтер ішкі мотивация, кәсіби бағыттылық, өзін-өзі реттеу/табандылық және кәсіби рефлексия көрсеткіштері арқылы бағаланды. Алынған нәтижелер эксперименттік топта тұлғалық-мотивациялық өзгерістердің айқын динамикасын көрсетеді.

Ішкі мотивация (оқуға деген қызығушылық) көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы нәтиже 3,66 болса, соңғы нәтиже 4,73-ке жеткен. Бұл көрсеткіштің өсімі 1,07 баллды құрайды. Бақылау тобында көрсеткіш 3,59-дан 3,76-ға өсіп, өзгеріс көлемі 0,17 балл болды. Салыстырмалы түрде эксперименттік топтағы өсім бақылау тобынан шамамен 6,3 есе жоғары. Бұл эксперименттік ықпалдың студенттердің оқу әрекетіне қызығушылығын арттыруға әсер еткенін көрсетеді.

Кәсіби бағыттылық (мұғалім мамандығының құндылығы) көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы деңгей 3,83-тен 4,86-ға дейін көтерілген. Өсу айырмашылығы 1,03 баллды құрайды. Бақылау тобында бұл көрсеткіш 3,79-дан 3,90-ға дейін ғана өсіп, өзгеріс 0,11 балл болды. Бұл эксперименттік топтағы студенттердің педагогикалық мамандықтың әлеуметтік және кәсіби маңызын тереңірек түсіне бастағанын дәлелдейді.

Өзін-өзі реттеу және табандылық көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы нәтиже 3,40 болса, соңғы нәтиже 4,55-ке жеткен. Яғни өсім 1,15 баллды құрады. Бақылау тобында көрсеткіш 3,35-тен 3,50-ге дейін ғана өсіп, айырмашылық 0,15 балл болды. Бұл нәтижелер эксперименттік ықпал студенттердің мақсатқа жетудегі тұрақтылығын, жауапкершілігін және оқу әрекетін ұйымдастыру қабілетін күшейткенін көрсетеді.

Кәсіби рефлексия көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы деңгей 3,50 болса, соңғы кезеңде 4,60-қа жеткен. Өсім көлемі 1,10 балл болды. Бақылау тобында көрсеткіш 3,45-тен 3,55-ке дейін өзгеріп, тек 0,10 балл айырмашылық көрсетті. Бұл эксперименттік топтағы студенттердің өз кәсіби әрекетін талдау, өзін бағалау және кәсіби даму бағытын айқындау қабілетінің артқанын білдіреді.

Математикалық-статистикалық тұрғыдан барлық көрсеткіштер бойынша эксперименттік топта оң динамика байқалады. Эксперименттік топтағы орташа өсім көрсеткіші:

- ішкі мотивация – +1,07;
- кәсіби бағыттылық – +1,03;
- өзін-өзі реттеу – +1,15;
- кәсіби рефлексия – +1,10.

Ал бақылау тобында өсім мөлшері барлық көрсеткіштер бойынша 0,10–0,17 балл аралығында ғана болды.

Кесте 8- Тұлғалық-мотивациялық компоненті негізінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының негізгі көрсеткіштері бойынша ЭТ және БТ топтарының нәтижелерінің динамикасы

Компоненттер	Топ	Бастапқы ұпай (x_1)	Соңғы ұпай (x_2)	Өсім (Айырма)	Динамика (%)	p-мәні (Манн-Уитни)
1. Ішкі мотивация (Оқуға деген қызығушылық)	ЭТ	3.66	4.73	+1.07	+30.0%	$p \leq 0.01$
	БТ	3.59	3.76	+0.18	+4.8%	$p > 0.05$
2. Кәсіби бағыттылық (Мұғалім мамандығының құндылығы)	ЭТ	3.83	4.86	+1.05	+27.4%	$p \leq 0.01$
	БТ	3.79	3.90	+0.11	+2.9%	$p > 0.05$
3. Өзін-өзі Реттеу/Табандылық (Мақсатқа жетудегі табандылық)	ЭТ	3.40	4.55	+1.15	+33.8%	$p \leq 0.01$
	БТ	3.35	3.50	+0.15	+4.5%	$p > 0.05$
4. Кәсіби рефлексия (Өз іс-әрекетін талдау қабілеті)	ЭТ	3.50	4.60	+1.10	+31.4%	$p \leq 0.01$
	БТ	3.45	3.55	+0.10	+2.9%	$p > 0.05$

Эмпирикалық зерттеулерден алынған мәліметтерді талдайтын болсақ, ЭТ-дағы оң динамика: эксперименттік топта (ЭТ) барлық көрсеткіштер бойынша орташа ұпайлардың айтарлықтай өскені байқалады (орташа 27%-33% пайыз аралығында). Бұл білім беру бағдарламаларының студенттердің ішкі мотивациясы, мамандыққа деген құндылықты көзқарасы және жеке тұлғалық реттеу қабілетіне тікелей әсер еткенін көрсетеді.

Бақылау тобында (БТ) өзгерістер өте аз (2%-4% аралығында), бұл табиғи оқу үрдісіндегі минималды өсуді көрсетеді. ЭТ және БТ топтарының соңғы нәтижелері арасындағы айырмашылық $p \leq 0.01$ деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңызды деп танылды.

Өзірленген білім беру бағдарламалары болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығының мотивациялық-тұлғалық компонентін тиімді дамытып, олардың оқуға және кәсіби мамандыққа деген оң көзқарасының динамикасын қалыптастырды.

Студенттердің академиялық, мотивациялық, креативтілік қабілеттерінің *бастапқы (анықтаушы)* және *соңғы (бақылау)* деңгейлері де анықталды.

Мониторингілеу нәтижелері. Өзірленген модельдің тиімділігі туралы статистикалық деректерге келетін болақ, эксперименттік топтағы (ЭТ) студенттердің академиялық дарындылық көрсеткіштерінің (оқу үлгерімі, креативтілік ұпайы) қалыптастырушы эксперименттен кейін *статистикалық маңызды өскені* дәлелденді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын жан-жақты дәлелдеу үшін, креативтілік (шығармашылық) компоненті және кәсіби білім компоненті бойынша да динамиканы ұсыну өте маңызды. Бұл екі компонент бойынша да эксперименттік топта (ЭТ-67) ББ бағдарламаларының әсерінен айтарлықтай оң өзгерістер алынды.

Төртінші зерттеу кезеңі бойынша кәсіби білім компонентінің динамикасын интерпретациялайтын болсақ, кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде алынған күрделі тесттер арқылы бағаланады. Нәтижелер 100-балдық шкала бойынша пайызбен көрсетілген. Төмендегі кестелер мен суреттерде көрсетілген (Кесте9;10, Сурет 5).

Кесте 9 - Кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде алынған күрделі тесттер диагностикасының нәтижелерінің көрсеткіштері

<i>Кәсіби білім көрсеткіші</i>	<i>Топ</i>	<i>Бастапқы нәтиже орташа мәні</i>	<i>Соңғы нәтиже орташа мәні</i>
Әдістемелік құзыреттілік	ЭТ (67)	71.5%	91.0%
(Оқыту технологияларын қолдану)	БТ (68)	70.8%	75.5%
Педагогикалық мәселені шешу	ЭТ (67)	68.0%	88.5%
(Практикалық жағдайдағы шешім)	БТ (68)	67.5%	72.0%
Жалпы академиялық жетістік	ЭТ (67)	69.7%	89.7%
	БТ (68)	69.1%	73.7%

Кесте 9-де кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде жүргізілген күрделі тест диагностикасының нәтижелері берілген. Нәтижелер эксперименттік (ЭТ, n=67) және бақылау (БТ, n=68) топтарының бастапқы және соңғы кезеңдегі кәсіби білім деңгейінің өзгерісін салыстыруға мүмкіндік береді. Диагностика әдістемелік құзыреттілік, педагогикалық мәселені шешу және жалпы академиялық жетістік көрсеткіштері арқылы бағаланды.

Әдістемелік құзыреттілік көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы орташа мән 71,5%-ды құраса, соңғы нәтижеде 91,0%-ға дейін жоғарылаған. Бұл көрсеткіштің өсімі 19,5 пайыздық пунктті құрайды. Бақылау тобында бастапқы нәтиже 70,8%-дан 75,5%-ға дейін өсіп, өзгеріс көлемі 4,7 пайыздық пункт болды. Салыстырмалы түрде эксперименттік топтағы өсім бақылау тобымен салыстырғанда шамамен 4 есе жоғары. Бұл нәтижелер арнайы ұйымдастырылған әдістемелік ықпалдың студенттердің оқыту технологияларын меңгеру деңгейін едәуір арттырғанын көрсетеді.

Педагогикалық мәселені шешу көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы орташа нәтиже 68,0%-дан 88,5%-ға дейін көтерілген. Өсім көлемі 20,5 пайыздық пунктті құрады.

Бақылау тобында бұл көрсеткіш 67,5%-дан 72,0%-ға дейін жоғарылап, өзгеріс 4,5 пайыздық пунктпен шектелді. Бұл эксперименттік топтағы студенттердің педагогикалық жағдаяттарды шешу, кәсіби шешім қабылдау және практикалық әрекетке бейімделу қабілетінің жоғарылағанын көрсетеді.

Жалпы академиялық жетістік көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы орташа мән 69,7%-ды құрап, соңғы кезеңде 89,7%-ға жетті. Бұл көрсеткіштің өсімі 20,0 пайыздық пунктті көрсетті. Бақылау тобында 69,1%-дан 73,7%-ға дейін өзгеріп, өсім мөлшері 4,6 пайыздық пунктті құрады. Жалпы академиялық жетістік динамикасы эксперименттік топтағы кәсіби білім сапасының едәуір жоғарылағанын дәлелдейді.

Математикалық-статистикалық салыстыру нәтижесінде эксперименттік топтағы барлық көрсеткіштердің айқын өсімі байқалады:

- әдістемелік құзыреттілік – +19,5%;
- педагогикалық мәселені шешу – +20,5%;
- жалпы академиялық жетістік – +20,0%.

Бақылау тобында өсім көрсеткіштері:

- әдістемелік құзыреттілік – +4,7%;
- педагогикалық мәселені шешу – +4,5%;
- жалпы академиялық жетістік – +4,6%.

Орташа өсім деңгейін салыстырғанда эксперименттік топта кәсіби білім компонентінің дамуы бақылау тобынан шамамен 4–4,5 есе жоғары болғаны анықталды.



Сурет 5 – Кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде алынған күрделі тесттер диагностикасының нәтижелерінің гистограммасы

Кесте -10 Кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде алынған күрделі тесттер арқылы алынған пайыздық көрсеткіштерінің динамикасы

Кәсіби білім көрсеткіші	Топ	Бастапқы нәтиже орташа мәні (X_1)	Соңғы нәтиже орташа мәні (X_2)	Айырма	Динамика (%)	p-мәні
Әдістемелік құзыреттілік	ЭТ (67)	71.5%	91.0%	+ 19.5%	+ 27.3%	p 0.01
(Оқыту технологияларын қолдану)	БТ (68)	70.8%	75.5%	+ 4.7%	+ 6.6%	p > 0.05
Педагогикалық мәселені шешу	ЭТ (67)	68.0%	88.5%	+ 20.5%	+ 30.1%	p ≤ 0.01
(Практикалық жағдайдағы шешім)	БТ (68)	67.5%	72.0%	+ 4.5%	+ 6.7%	p > 0.05
Жалпы академиялық жетістік	ЭТ (67)	69.7%	89.7%	+ 20.0%	+ 28.7%	p ≤ 0.01
	БТ (68)	69.1%	73.7%	+ 4.6%	+ 6.7%	p > 0.05

ЭТ-да кәсіби білімнің және мәселе шешу құзыреттілігінің 27%-30% аралығында өсуі тіркелді. Бұл зерттеуде қолданылған когнитивті-әдістемелік компонентке бағытталған оқыту әдістері (мысалы, күрделі кейс-стади) студенттердің терең білім мен оны қолдану қабілетін айтарлықтай арттырғанын көрсетеді.

Үш компонент (мотивациялық, креативтілік, кәсіби білім) бойынша да ЭТ нәтижелерінің статистикалық маңызды өсуі әзірленген ББ бағдарламасының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамытудағы кешенді және жоғары тиімділігін дәлелдейді.

Студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының динамикасын интерпретациялайтын болсақ, студенттердің мотивациясының, өзін-өзі реттеу қабілетінің және мамандыққа деген қызығушылығының жақсарғаны туралы мәліметтер алынды. Нәтижесінде академиялық дарындылық деңгейінің (жоғары, орташа, төмен) студенттер арасындағы таралу пайызын алдық. Сонымен қатар, студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының динамикасы келтірілді. Студенттердің мотивациясының, өзін-өзі реттеу қабілетінің және мамандыққа деген қызығушылығының жақсарғаны туралы деректер жинақталды.

Жоғарыда аталған әдістерді кешенді қолданудың түпкі нәтижесі:

-педагогикалық дарынды жастарды сүйемелдеудің әзірленген моделінің (жобасының) тиімділігі ғылыми және эмпирикалық тұрғыдан негізделді;

-оны іске асыруға арналған әдістемелермен бірге, педагогикалық ЖОО-да академиялық дарынды студенттермен жұмыс істеу практикасына енгізуге ұсынылады.

Бұл әдістердің нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты: модельдеу арқылы теориялық негіз құрылады, педагогикалық жобалау арқылы оның мазмұны жасалады, ал анкеталау мен мониторингілеу осы құрылған жүйенің нақты өмірде қаншалықты *тиімді* екенін бағалайды.

Жоғарыдағы талдауларды негізге ала отырып, зерттеу жұмысымыздағы баыты ұғым, түсініктерге нақтылау жүргіздік. Біз, «академиялық дарындылық – тұлғаның білімді терең әрі жылдам меңгеруге, ғылыми-танымдық әрекетке белсенді қатысуға, ақпаратты талдап, жүйелеуге, логикалық және сыни ойлау негізінде жаңа білім өндіруге қабілеттілігін сипаттайтын кешенді интеллектуалдық-педагогикалық қасиет» деп нақтыладық, академиялық дарындылық жоғары танымдық мотивацияны, зерттеушілік бейімділікті, оқу әрекетіндегі дербестікті, шығармашылық ойлауды және кәсіби білімді тиімді қолдану мүмкіндігін қамтиды. Академиялық дарындылық білім алушының оқу жетістіктерімен ғана емес, оның ғылыми ізденіске қызығушылығымен, теориялық білімді практикамен ұштастыру қабілетімен және үздіксіз өзін-өзі дамытуға ұмтылысымен анықталады.

Сонымен қатар, «*болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту*» – жоғары педагогикалық білім беру жағдайында студенттердің ғылыми-танымдық белсенділігін, интеллектуалдық әлеуетін, зерттеушілік қабілетін, кәсіби-педагогикалық ойлауын және оқу-ғылыми әрекеттегі шығармашылық дербестігін жүйелі түрде жетілдіруге бағытталған мақсатты педагогикалық үдеріс» Мұндағы педагогикалық үдеріс болашақ мұғалімнің кәсіби білімді терең меңгеруін, ғылыми ақпаратты талдау мен жүйелеуін, педагогикалық мәселелерді теориялық және практикалық тұрғыдан шешу қабілетін, сондай-ақ үздіксіз өзін-өзі дамыту мен академиялық жетістікке ұмтылысын қалыптастыруды қамтиды. Академиялық дарындылықты дамыту болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін, ғылыми мәдениетін және педагогикалық қызметке интеллектуалдық даярлығын қамтамасыз ететін кешенді білім беру үдерісі ретінде қарастырылады.

Қорытынды. Академиялық дарындылық феноменінің қарастырылған контекстерінің жоғары пікірталастық құрамдастары бар, ол дарындылықтың туындауының алғышарттарын, мазмұнын анықтаудан (генетикалық негізделген ерекшелік немесе тұлғаның қалыптасатын сапасы), педагогикалық дарындылықтың құрылымынан (тұлғаның когнитивті (пәндік) қабілеттерінің педагогикалық дарындылықтың әмбебап қабілеттерінің құрылымындағы орны), педагогикалық дарындылықты диагностикалаудың мүмкіндіктері мен инструменттерінен, педагогикалық дарынды жастармен жұмыс бойынша теориялық, әдістемелік және практикалық шешімдерді жобалаудан, элитизмнің әртүрлі, оның ішінде этикалық аспектілерімен жастармен жұмыстың және мамандықтың және педагогикалық білім берудің көпшілік сипатымен байланысынан тұрады. Қазіргі әлемнің екіұштылығы және өзгермелілігі қазіргі ресей мектептері үшін жоғары білікті кадрларды даярлау құралдары мен тәсілдерін іздеудің қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Барлық деңгейлерде жаһандық білім берудің күн тәртібіндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін, қазіргі уақытта педагогикалық дарынды жастарды зерттеу шараларын және кәсіпалды және кәсіби педагогикалық іс-әрекет кеңістігінде жастарды білім беру және сүйемелдеу бағдарламаларын жүзеге асыру шараларын қабылдау қажет. Осы орайда ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстар берілді:

- *болашақ педагогтердің академиялық дарындылығын ерте анықтауға бағытталған диагностикалық жүйені енгізу ұсынылады;*

- *педагогикалық дарынды жастарды сүйемелдеуге арналған тұлғалық-бағдарлы және тәжірибеге бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу ұсынылады (мысалы, бағдарламалар ғылыми-зерттеу жұмыстары, жобалық оқыту, педагогикалық практика, тәлімгерлік (менторинг), тьюторлық қолдау және кәсіби рефлексия элементтерімен толықтырылуы);*

- *академиялық дарындылықты дамытуға бағытталған интеграцияланған білім беру ортасын қалыптастыру ұсынылады.*

Мұнда мектеп, жоғары оқу орны, ғылыми қауымдастық және кәсіби педагогикалық орта арасындағы өзара байланысты күшейту маңызды. Мұндай орта студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауына, педагогикалық қабілеттерін тәжірибеде дамытуына және білім беру жүйесіне сапалы

Академиялық дарынды жастарды анықтау, іріктеу және сүйемелдеу процестерін ұйымдастырудың аталған әдіснамалық тұғырлары мен принциптерінің үйлесімі дарындылықпен жұмыстың теориясы мен практикасының жетістіктерін жүйелеу және жалпылау негізінде біздің еліміздің білім беру жүйесін кадрлық қамтамасыз етудің тиімді тәсілдері туралы жаңа түсінікті қалыптастыруға, баланың өз болашағымен кездесу жүзеге асырылатын білім беру кеңістігін гуманистік құндылықтар аясында трансформациялауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы президенті Тоқаев Қ.Ж. Білім келешегі – адал азамат, кәсіби маман. Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. - 2025 <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym->

zhomart-tokaevtyн-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takrybyndagy-tamyz-konferenciya synyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340 (qaralǵan kúni 04.09.2025)

2. Жарықбаев Қ.Б. және т.б. Психологиялық энциклопедиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 152 б.
3. Юркевич С.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. - М.: Просвещение, 2000. - 136 с.
4. Рафикова В. М. Педагогические условия формирования академической одаренности школьников: автореферат дис. канд. пед. наук: 13. 00.01./Венера Мунировна Рафикова. - Удмуртский гос.ун-т, Ижевск, 2003. - 15 с.
5. Буров А.Ю. Критерии и модель академической одаренности / Буров Александр Юрьевич // Интеллектуальная, академическая и творческая одаренность: общее и отличное. Материалы круглого стола 20 января 2012 г., м. Киев. - К.: ООО «Информационные системы», 2012. - С. 6 - 8
6. Богояленская Д.Б., Богоявленская М.Е. Одаренность: природа и диагностика. - М.: АНО «ЦНПРО», 2013. - 208 с.
7. Онацкий В.М. Академическая одаренность и методы ее диагностики // Одаренный ребенок. - 2002, № 2. - С. 51 - 56.
8. Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учебное пособие для студентов вузов. - М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2000. - 624 с.
9. Зултыхарова М.М., Садуакас Г.Т., Сұлтанбек М.Ж. Академиялық дарындылық ғымының теориялық аспектілері // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 4(68), 2020 ж. 30 б.

Reference:

1. Qazaqstan Respyblıkasy prezidenti Toqaeв Q.J. Bilim keleshegi – adal azamat, kásibi maman. .Tamyz konferensiasynyn plenarlyq otyrysynda sóilegen sózi. - 2025. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takrybyndagy-tamyz-konferenciya synyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340> (qaralǵan kúni 04.09.2025)
2. Jaryqbaev Q.B. jáne t.b. Psihologialyq ensiklopedialyq sózdik. - Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2011. - 152 b.
3. Iyrkevich S.S. Odarenniy rebenok: ilhizu i realnos. - M.: Prosveshenie, 2000. - 136 s.
4. Rafikova V.M. Pedagogicheskie ýslovia formirovaniya akademicheskoi odarennosti shkolnikov: avtoreferat dis. kand. ped. naýk: 13. 00.01. / Venera Mýnirovna Rafikova. - Ýdmýrtskui gos.ýn-t, Ijevsk, 2003. - 15 s.
5. Býrov A. Iý. Kriterii i model akademicheskoi odarennosti / Býrov Aleksandr Iýrevich // Intellektýalnaia, akademicheskaiia i tvorcheskaiia odarennos: obshee i otlichnoe. Materialy kúrglogo stola 20 ianvará 2012 g., m. Kiev. - K.: ООО "Informasionnye sistemy", 2012. - S. 6 - 8
6. Bogoiavenskaia D. B., Bogoiavlenskaia M. E. Odarennos: priroda i diagnostika. - M.: ANO "SNPRO", 2013. - 208 s.
7. Onasku V. M. Akademicheskaiia odarennos i metody ee diagnostiki // Odarenniy rebenok. - 2002, № 2. - S.51 - 56.
8. Abramova G.S. Vozrastnaia psihologia: Ýchebnoe posobie dlá stýdentov výzov. - M.: Akademichesku Proekt; Ekaterinbýrg: Delovaiia kniga, 2000. - 624 s.
9. Zýlpyharova M.M., Sadýakas G.T., Sultanbek M.J. Akademialyq daryndylyq" ғымының теориялық аспектілері // Abai atyndaǵy Qazupý-ń Habarshysy "Pedagogika ғылымдары" seriesy, № 4 (68), 2020 j.. 30 b.